



Автор: Шуренова Гаухар Сагидуллаевна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Саяхат

Тақырып: ж әріпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.3.2.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну 1.3.3.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағыналарын ажырата білу. 1.3.1.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
Сабақтың мақсаты:	-Тілдік бірліктерді ажырату; -Мәтіннің мазмұнын әңгімелеу; - Мұғалімнің көмегімен сөздердің мағыналарын ажырату. -Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. -Ж дыбысы мен әрпі сөздің қай жерінде кездесетінін ажырату. -Сөздерді пайдаланып сөйлем құрау; -Дайын мәтін бойынша рөлдік ойындар сомдау
Тілдік мақсаттар:	«Жарыс» мәтіні желден де жүйрік – тез, шапшаң. 1 тапсырма.
Күтілетін нәтиже:	Әдебиеттік оқу 1 тапсырма, Дүниетану 4 тапсырма.
Бағалау критерийлері:	-білім алушылар сөздерді буындап оқиды, дыбыстық талдау жасайды. -мәтін мазмұнын әңгімелейді, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады. - сөз түрлеріне мыса келтіріп, сөйлем құрайды. - Ж дыбысы мен әріп сөздің қай жерінде кездесетінін ажыратады. -Сөздерді пайдаланып сөйлем құрайды; -Дайын мәтін бойынша рөлдік ойындар сомдайды.
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	видео
Пәнаралық байланыс:	Әдебиеттік оқу 1 тапсырма, Дүниетану 4 тапсырма
Бастапқы білім:	Оқушылар әріптерді таниды, буындап оқи алады. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Оқушылар көркем және танымдық мәтін, ертегі, өлеңдерді ажырата біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл- күй» тренингі. -Қалдерің қалай? -Ұйықтадың қалай? -Келдің қалай? -Бердің қалай? -Алдың қалай? - Бүгінгі сабақтағы көңіл – күйлерін қалай? Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына қимыл арқылы жауап береді. «Броундық қозғалыс» Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінеде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды. Сынып ішіне алдын ала суреттер дайындалып қойылады: жаз, жаңбыр, әже,жалау, Қожа, т.б -Қаңдай сөздер жинадыңдар? (Оқушылар жауабы) - Ол сөздер туралы не айта аласыздар? - Бұл сөздердің біздің сабағымызға қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар? - Ендеше, бүгінгі сабағымызда Ж дыбыс мен әрпі туралы толығырақ мағұлмат аламыз.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Ж ж әрпі мен дыбысы туралы бейнекөрініс көрсету. -Қайдай дыбысестідік? -Дауысты ма дауыссыз ба? -Сиқырылы кітап көрген ж әрпімізге өз оқулығымыздағы ж әріпінің ұқсастығы бар ма? -Қандай жаңа сөздермен таныстыңыздар? -білім алушылар сөздерді тізбектеп оқиды, буынға бөледі, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. 1.Білім алушылартізбектеп оқиды. 2.Сөздерді буынға бөледі. 3. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Дескриптор: -сөздерді тізбектеп оқиды. -сөздерді буынға бөліп оқиды. - сөздерге дыбыстық талдау жасайды. ҚБ: Өте жақсы, жақсы, талпыныс керек! -мәтін мазмұны әңгімелейді, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады. Мәтінмен жұмыс. -Бұл суретте не көріп тұрмыз? - Жарыс қайда болады? -Ат жарысқа кімдер қатысады? -Мәтін не туралы? - Мәтінде басты кейіпкерлер кімдер? -Кім жарыс мәресіне тез жетеді? - Мәтінде сіздерге түсініксіз сөздер бар ма? Дескриптор: -мәтінді мұқият оқиды. -мәтіннің мазмұның айтады. -жаңа сөздердің мағынасын ашады.	
Сабақтың соңы	Бекіту: 4 тапсырма. «Жаңбыр тамшысы» әдісі. Оқушылар жаңбыр тамшыларында жазылған буындардан сөздер құрайды. Оқушылар сыныбымызда күн бұлтанып кетіпті. -Күн бұлттанғаннан соң не жауады? - Ендеше жаңбыр өзінің тамшыларына мынадай буындар жазып келіпті. Осы буындарды қосып Ж әрпінен келетін сөз құрауымыз керек. -Қане кім құрайды? Жа-рық, же-ті, жү-зім, жыл-тыр, жа-сыл, жа-лау. Дескриптор: - жаңбыр тамшыларында жазылған буындардан сөздер құрайды. -сөздерді қатесіз оқиды. ҚБ: Жеке жұмыста «Жүзімдер» арқылы бағалау. 3 жүзім – өте жақсы. 2 жүзім – жақсы. 1 жүзім – талпын	
Рефлексия	Рефлексия «Ж» әрпін гүлмен құрастыру. Үлкен Ж әрпін – мен бәрін түсіндім. Орташа Ж әрпі – мен жартылай түсіндім. Кішкене Ж әрпі – мен ештеңе түсінбедім.	